

Педагогикалық кеңес хаттамасы №2

Күні: 11.11.2025

Қатысқандар саны:3

Қатыспағандар саны:0

Тақырыбы: “ Жаңа интеллект-тәрбиешінің серігі, ал балаға ең керегі-мейрім мен махаббат”

Мақсаты: Балалардың қызығушылығын арттыру, тәрбиешілердің уақытын тиімді пайдалануға бағыттау. Заманауи, қауіпсіз орта құру.

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау
2. **Баяндама:** “Балабақшада жасанды интеллектті қолданудың маңыздылығы”
3. **Тәжірбие алмасу** “Аі қолдануды үйренген тәрбиеші- заманауи тәрбиеші” (Әдіскер)
4. **Мастер класс:**Қысқа уақыт ішінде мерекелік сценарий мерекелік шақыру қағазы ата-аналар жиналысына слайд жасауды меңгерту (Әдіскер)

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған тапсырмалардың орындалуы туралы әдіскердің ақпараты тыңдалды. Тапсырмалардың басым бөлігі уақытында орындалғаны, оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды енгізу, дидактикалық ойындарды қолдану жұмыстары жүйеленгені атап өтілді.

2. Екінші мәселе бойынша қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды түрде цифрлануда. Осы өзгерістердің бірі — жасанды интеллектті білім беру саласында қолдану. Балабақшада жасанды интеллект баланың орнына емес, тәрбиешінің көмекшісі ретінде қызмет атқарады. Ең алдымен, жасанды интеллект тәрбиешінің уақытын үнемдейді. Күнделікті жоспар, ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары, мерекелік сценарий, ата-аналарға арналған хабарлама сияқты жұмыстарды қысқа уақытта дайындауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, жасанды интеллект шығармашылықты арттырады. Ұлттық тақырыптағы ойындар, ертегі, тапсырмалар, көрнекі материалдар мен презентациялар жасау барысында тәрбиешіге жаңа идеялар ұсынады.

Үшіншіден, жасанды интеллект жеке тәсілді жүзеге асыруға көмектеседі. Балалардың жас ерекшелігіне, қызығушылығына сай тапсырмаларды бейімдеп ұсынуға болады.

Маңыздысы — жасанды интеллект баламен тікелей қарым-қатынасты алмастырмайды. Ол тек тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп, сапасын арттыруға арналған құрал.

3. Үшінші мәселе бойынша бойынша AI қолдануды меңгерген тәрбиеші – заманауи тәрбиеші» тақырыбында тәрбиешілермен тәжірибе алмасу жұмысы жүргізілді. Тәжірибе алмасу барысында тәрбиешілерге жасанды интеллект көмегімен:

- қысқа уақыт ішінде мерекелік сценарий құрастыру;
- мерекелік шақыру мәтінін дайындау;
- презентация (слайд) жасаудың тиімді жолдары көрсетілді.

Мастер-класс тәжірибелік түрде өтіп, қатысушылар өздері тапсырмалар орындады.

Жасанды интеллекттің:

- ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындалу уақытын үнемдеудегі;
- сценарий, дидактикалық ойын, көрнекілік, жоспар құрудағы;
- тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін арттырудағы маңызы айтылды.

AI құралдарын тиімді қолдана білетін тәрбиеші заман талабына сай, шығармашыл әрі бәсекеге қабілетті маман екені атап өтілді.

4. Төртінші мәселе бойынша бойынша шебер сынып барысында тәрбиешілерге жасанды интеллект көмегімен:

- қысқа уақыт ішінде мерекелік сценарий құрастыру;
- мерекелік шақыру мәтінін дайындау;
- презентация (слайд) жасаудың тиімді жолдары көрсетілді.

Мастер-класс тәжірибелік түрде өтіп, қатысушылар өздері тапсырмалар орындады. Педагогтар жасанды интеллектті қолдану жұмысты жеңілдетіп, шығармашылық мүмкіндіктерді арттыратынын атап өтті.

Мастер-класс пайдалы әрі тәжірибелік тұрғыда тиімді болғаны айтылды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңес тапсырмалары орындалды деп есептелсін.
2. Тәрбиешілерге жасанды интеллект құралдарын оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі қолдану ұсынылсын.
3. АІ қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсету жалғастырылсын.
4. Мерекелік іс-шараларға дайындық кезінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану тәжірибеге енгізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Есеналиева А

Педагогикалық кеңес хатшысы:

Есеналиева А